

Ұзақ жылғы еңбектің жемісі

Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінің қызметкері, осы салада 37 жыл еңбек етіп келе жатқан білікті маман Айгүл НҮРЕКИНА мереке қарсаңында мәртебелі марапатқа ие болды. Айгүл ҒАЗЕЗҚЫЗЫ жұмысқа деген жоғары жауапкершілігі мен еңбекқорлығының арқасында - «Архив саласының үздігі» төсбелгісін иеленді.

Қырық жылға жуық уақыт архив саласында табанды еңбек етіп келе жатқан Айгүл НҮРЕКИНАНЫ қала әкімі Әмірхан АСАНОВ құттықтап, маңызды істегі нәтижелі қызметі үшін алғысын айтып, марапатын қала активінің алдында салтанатты түрде табыс етті. Айгүл ҒАЗЕЗҚЫЗЫ 1984 жылы Жангелдин ауданындағы Ы.Алтынсарин атындағы Торғай қазақ орта мектебін бітірген. 1985-1988 жылдар аралығында Амантоғай -Амангелді аудандарында сауда саласында қызмет істе-



ген. 2003-2007 жылдар аралығында Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педогогикалық институтының «қазақ тілі мен әдебиеті» факультетін тәмамдады. 1988 -1993 жылдар аралығында Жангелдин аудандық архивінде архивист болып істеген. 1993 жылдың қыркүйек айынан бүгінгі күнге дейін Арқалық өңірлік мемлекеттік архивінде қызмет істеп келеді.

«Архив - бұл құжат сақтайтын ғана орын емес, ол ұлт тарихының, қоғам дамуының айнасы. Осы жауапты салада жұмыс істеу - үлкен абырой әрі жауапкершілікті қажет етеді. Архив қызметкерлерінің міндеті - тарихи құжаттарды сақтау, жүйелеу, ғылыми -техникалық өңдеуден өткізу және оларды келешек ұрпаққа аман жеткізу. Бүгінгі құжат - ертең-

гі тарих. Мен осындай, кейінгі ұрпақтың игілігіне жарайтын құжаттарды бүлдірмей сақтап, бүтіндей табыстау ісіне өз өмірімді арнағанымды мақтан етемін. Әрбір құжаттарихтың бір бөлшегі. Сол тарихты көздің қарашығындай сақтау-архившілердің басты парызы. Еңбегімді бағалап, марапаттап жатқан басшылығыма алғысым зор», - дейді Айгүл ҒАЗЕЗҚЫЗЫ.

Қазіргі таңда архив саласында цифрландыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Құжаттарды электрондық форматқа көшіру - уақыт талабына байланысты жүргізіліп жатқан жұмыстар. Бұл архив материалдарының сақталуын қамтамасыз етіп қана қоймай, пайдаланушыларға қолжетімділікті арттырады. Айгүл НҮРЕКИНА осы істе де белсенді қызмет жасап, қаламыздың мекеме -ұйымдарымен тығыз қарым - қатынас орнатқан. Өз жұмысында заманауи технологияларды тимді қолдана отырып, архив ісін жаңа деңгейге көтеруге үлесін қосып келеді.